

**Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 156 "Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2014 жылғы 8 тамыздағы № 287 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 қыркүйекте № 4018 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 207 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 12.06.2015 № 207 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 249 "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" бұйрығына, облыс әкімдігінің 2013 жылғы 23 сәуірдегі № 113 "Ақтөбе облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының қайта құрылуы туралы" қаулысына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 156 "Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы туристік ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3919 болып тіркелген, 2014 жылғы 12 маусымда "Ақтөбе", "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтағы "және индустриялық-инновациялық даму" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3-тармақтағы "облыс әкімінің бірінші орынбасары Н.Қ.Әбдібековке" деген сөздер "облыс әкімінің орынбасары Ғ.Н.Есқалиевке" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын

тұлғалар туралы туристік ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
р е г л а м е н т і н д е :

1-тармақтағы "және индустриялық-инновациялық даму" деген сөздер алынып  
т а с т а л с ы н ;

7-тармақтағы "қосымшасына" деген сөздің алдына "1-" деген санмен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

регламенттің қосымшасындағы "қосымша" деген сөздің алдына "1-" деген  
с а н м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мына мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын "8. Мемлекеттік қызмет  
көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті  
берушінің толық сипаттамасы құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің)  
өзара іс-қимылдарының сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес  
мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында  
көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы  
көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.";

осы қаулының қосымшасына сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. "Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы  
қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз  
е т с і н .


3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн  
ө т к е н с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л с і н .

О б л ы с

ә к і м і А . М ұ х а м б е т о в

Облыс әкімдігінің  
2014 жылы 20 мамырдағы № 156  
қаулысына 2-қосымша  
Облыс әкімдігінің  
2014 жылы 8 тамыздағы № 287  
қаулысына қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-үдерістер анықтамалығы**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК